



БІЛІМ ШЫҢЫ- ҒЫЛЫМ СЫРЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ТАНЫМДЫҚ, МӘДЕНИ-РУХАНИ ЖУРНАЛ

№04 (90)
сәуір, 2023



WWW.BILIMSHINI.KZ



*Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасы
Білім беруді дамыту орталығының
«Инновация және стратегиялық жоспарлау» кафедрасы*

ТҮРКІСТАННЫҢ ЗАМАНАУИ МҰҒАЛІМДЕР ФЕСТИВАЛІНДЕ ҮЗДІК ҰСТАЗДАР БАС ҚОСТЫ

БІЛІМ ШЫҢЫН БІРГЕ БАҒЫНДЫРАЙЫҚ!

«Білім шыңы - Ғылым сыры» журналы 9 жыл Сіздермен бірге! «Білім шыңы - Ғылым сыры» журналының шығармашылық ұжымы, әрдайым жаңаша жұмыс жасап, ұстаздардың мәртебесін айшықтап, біліктілігін арттыру үшін журналға ең қажетті материалдарды жариялап келеді. Журналымыздың «Озат тәжірибе – баршаға ортақ», «Үздік сабақ», «Ізгілікке жол ашқан», «Мерейлі мектеп», «Білім тынысы», «Білімнің жаңа жүйесі», «Болар елдің баласы», «Ғылымға қадам», «Жыр жазамын жүрегіммен», «Құрмет тақтасы» сияқты айдарлары бойынша жарияланған сапалы материалдардан ұстаздар қауымының үйренері көп деп сенеміз.

Бірге болайық, білім алауын бірге жағайық!

БІЛІМ ШЫҢЫ- ҒЫЛЫМ СЫРЫ



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ТАНЫМДЫҚ, МӘДЕНИ-РУХАНИ ЖУРНАЛ

2015 жылдың тамыз айынан бастап шыға бастады. Айына бір рет шығады.

Журналға жазылыңыз!

Қазпочта арқылы 6 айға
жазылу бағасы 3440 тенге
индекс: 74871



Сіздерден құнды материалдар күтеміз!

Журнал лицензиясы - №15454-Ж (01.07.2015)
Республикалық журнал+Сертификат+Грамота



Аттестацияға 100% жарамды

8778 625 20 78
8775 076 78 76

ЖУРНАЛЫМЫЗ

ӘР ҰСТАЗДЫҢ ТӨРІНДЕ ТҰРСЫН!



ЕСЕН Бақыткүл Артыққызы,
бас редактор

Жас ұрпағы білімді мемлекеттер ғана бәсекеге қабілетті, озық елдің қатарына қосыла алатын қазіргі заманда ұстаздарға үлкен жауапкершілік жүктеледі. «Оқу – білім бұлағы, білім – өмір шырағы» деген мақал білімнің қаншалықты маңызды екенін білдіреді. Білім – баға жетпес байлық, білім - құнды қазына. Жас ұрпаққа сапалы білім, жақсы тәрбие беріп жүрген мұғалімдерге қандай құрмет көрсетсек те жарасады. Сондықтан да ұстаздар қауымын ардақтап, оларға әрдайым құрмет көрсетуге тиіспіз деп ойлаймын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы 29 наурыз күні VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде «Білім беру саласында ұстаз – ең басты тұлға. Оның қоғамдағы абырой-беделін арттыра беруіміз керек» деп атап өткен болатын. Елімізде «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданып, ұстаздардың мәртебесін биіктету бағытында қыруар жұмыс жүргізілуде. Мектептердің материалдық-техникалық жағдайы жақсарып, ұстаздардың айлық жалақылары көбейді. Ұстаздарымыз Президентіміз айқындап берген биік талаптарға сай болуы үшін үздіксіз ізденіс үстінде болып, білім сапасын көтеріп отыруы қажет. Педагогтар біліктілігін жетілдіруде, әдістемелік көмектер көрсетуде, озық іс-тәжірибесін таратуда газет-журналдардың орны ерекше. Сондықтан да әр мұғалім өз саласы бойынша шығатын газет-журналдарға тұрақты жазылып, өзінің білім деңгейін әрдайым арттырып отыруы керек.

Жуырда Шымкент қалалық Білім басқармасының басшысы Жанат Тәжиева елеуметтік желіде газет-журналдарға жазылу мәселесі туралы өз ойын білдірді. «Әр үйдің төрінде газет-журнал тұрса деп тілеймін!

...Ғаламтордың пайдалы тұсын алып, керексіз жағына шектеу қойғанымыз дұрыс шығар.

Сондықтан да, бұл ғаламтордың торлаған қауіпті бұлтынан арылу үшін, Сіздерді газет-журналға жазылуға, яғни рухани азық алуға шақырамын. Газет-журнал - өмірдің нағыз айнасы. Онда жазылған әрбір жаңалық, мақала, сараптама қаншама жауапты маманның тексерісінен өтіп, өңделіп, бүгінделіп, сараланып барып жарияланады. Сондықтан газет-журналдың ғаламторға қарағанда салмағы басым. Бұрын әрбір отбасы аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі түрлі газет-журналдарды оқуға асығатын. Бұл газет-журналдардағы материалдар ақыл-ой мен парасатқа негізделіп жазылатын. Көп оқитын ұлтқа айналамыз десек, өзімізден, балаларымыздан бастауымыз керек. Балаларымыздың уақытын ғаламтордағы әртүрлі кулық-сұмдықты көруге құртқанша, бірауық кітап, газет-журналға көңіл бөлуін қадағалайық. Балаларымыз зерделі, парасатты, иманды, салиқалы, білімді болсын десек, қоғамымызды түзеуге елеулі рөл атқаратын газет-журналдарымыздың мәртебесін көтерейік... Сөз соңында қорыта айтарым, әр отбасы газет-журналға жазылуды өзімізден бастайық» деген Жанат Тәжиеваның пікірін толығымен қолдаймыз.

Біз «Білім шыңы – Ғылым сыры» журналына мұғалімдерге ең қажетті материалдарды жариялап, 9 жылдан бері ұстаздардың шынайы көмекшісі және сенімді серігі болып келеміз. Қаншама жобаларымыз бүкіл еліміздің ұстаздары тарабынан қолдауға ие болуда. Ұстаздар қауымынан алғысқа толы хаттар алғанда редакция еңбегінің еленгеніне қуанамыз. Алдағы кезде де бағытымыздан айнымаймыз. «Білім шыңы – Ғылым сыры» журналына жазылып, бізбен бірге болыңыздар, білімнің биік шыңдарын бағындырып, жұлдыз болып жаныңыздар!

ЖУРНАЛЫМЫЗ ӘР ҰСТАЗДЫҢ ТӨРІНДЕ ТҰРСЫН!



ТҮРКІСТАННЫҢ ЗАМАНАУИ МҰҒАЛІМДЕР ФЕСТИВАЛІНДЕ ҮЗДІК ҰСТАЗДАР БАС ҚОСТЫ

ЖУНИСОВА Назым Досжановна,
*Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасы
Білім беруді дамыту орталығының «Инновация және
стратегиялық жоспарлау» кафедрасы меңгерушісі.*

Білімді басты қазына деп санайтын елдің болашағының да жарқын болатынын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде «Адам капиталының сапасын барынша арттыру керек. Бұл мәселе менің айрықша назарымда екенін білесіздер. Себебі Қазақстанның басты байлығы – адам. Қарым-қабілеті зор, білімді азаматтар елімізді алға бастайды. Сол үшін білім беру жүйесін жан-жақты дамыту қажет» деп атап өтті. Біздің болашағымызды адам капиталы айқындайтыны анық. Ал адам капиталының сапасын арттыру ұстаздарға байланысты. Сондықтан да жақсы мұғалім болу үшін әр ұстаз жаңаша жұмыс жасауы керек деп ойлаймын. Жаңаша жұмыс жасап жүрген ұстаздарымыз көп. Олардың жақсы тәжірибесін насихаттап, әрдайым қолдау көрсетуге тиіспіз. Озат тәжірибені айқындап, жан-жақты насихаттаудың тиімді тәсілі үздік ұстаздар бас қосатын фестивальдер екені белгілі.

2023 жылғы 28 наурыз күні Түркістан қаласы, Оқушылар сарайында Түркістан облысы Білім беруді дамыту орталығы «Инновациялық және стратегиялық жоспарлау» кафедрасының ұйымдастыруымен педагогтердің басқарушылық қабілеттерін, әдістемелік, цифрлық және әмбебап құзыреттерін кешенді дамыту, жаңа заман талабына сай, жаңашыл мұғалімдерге сапалы және инновациялық технологияларды меңгерту, білім сапасын көтеруде инновациялық технологияларды дұрыс және сауатты қолдануды үйрету мақсатында облыстың педагогтеріне арналған «MODERN TEACHER FEST TURKISTAN – 2023» (Түркістанның заманауи мұғалімдер фестивалі-2023) тақырыбында тұңғыш рет, заманауи, еркін форматта мұғалімдер фестивалі өтті.

Фестивальге облыс мектеп директорларының бейінді жұмыстары жөніндегі орынбасарлары, ШЖМ директорлары, БКРМ басшы кадрларға резерв мектебі, кәсіби бағдар беру педагогтері, пән педагогтері, «Ауыл мектебін сапалы басқару» жобаға қатысушы мектебінің ДООЖО, жас мамандар, колледждердің жастар ісі жөніндегі инспекторы, әдістемелік кабинет меңгерушілері, жалпы облыс бойынша 250-300 педагог қатысты. Фестивальға қатысушыларға бағдарлама үлестіріліп, олар QR-код арқылы тіркелді.

Фестивальде инновациялық жұмыстар бойынша TED – дәрістер, Флешмоб пен нетворкинг, Workshop, Шеберхана (workshop) ашық микрофон және стендап

(stand up) форматтарындағы баяндамалар, инновациялық жобалар көрмесі ұйымдастырылды. «Мектеп директорларының бейінді жұмыстары жөніндегі орынбасарларының кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбында Тәжірибелік семинар, «Жас педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытудың өзекті мәселелері» тақырыбында Коуч-сессия, «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» тақырыбында Workshop (шеберхана), «Педагогтердің функционалдық сауаттылығын арттыру: теориядан тәжірибеге» тақырыбында Семинар тренинг, «Жобалау - зерттеу қызметіне үйрету жолдары» тақырыбында TED.X, «Басшы лауазымына үміткер кандидаттың кәсіби құзыреттілігін дамыту» (Басшы лауазымына тағайындау туралы ҚРБЖҒМ 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығы аясында) тақырыбында Презентация-сабақ, «Жасанды интеллект ғасырында дүниеге келген балаларды қалай оқыту керек?» тақырыбында Презентация-сабақ секциялық бағыттар бойынша өткізілді. Фестиваль концерттік бағдарламамен, флешмобпен жалғасын тапты. Спикер болып, фестивальдің биік деңгейде өтуіне өз үлестерін қосқан Түркістан облысы білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағының бөлім басшысы, заңгері Ақбердиев Ғабит Кеңесұлына, Астана қаласы, «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебінің директоры Мәуіт Рысбек Мәуітұлына, "Білім шыңы-Ғылым сыры" республикалық журналының және "ЫБЫРАЙ" республикалық журналының бас редакторы Есен Бақытгүл Артыкқызына, Түркістан Пікірсайыс Орталығының Бас Төрешісі, Түркістан қаласы мектеп лига Пікірсайыс Ассоциациясының төрайымы Мауленова Гүлаяр Бекжігітқызына, «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің «Қоғамдық даму және психологиялық көмек көрсету» бөлімінің психолог мамандарына, облыстың мектеп, колледждерінің тәжірибелі ұстаздарына үлкен алғысымызды білдіреміз. Секциялық бағыттар бойынша «Оқушыларды ғылыми жоба жұмыстарына дайындау, проблемалар және шешу жолдары», «Мектепте бейінді оқытуды ұйымдастыру», "Кәсіби бағдар беруші педагогтің жұмысын тиімді ұйымдастырудың тетігі», «Бейінді оқытуды тиімді ұйымдастыру арқылы нәтижеге бағытталған білім беру», «Дарынды оқушыларды анықтау және дамыту жолдары», «Педагогтың табысты болу формуласы», «Қолданыстағы еңбек заңының негіздері», «Конкурстық комиссияның әңгімелесу кезеңі: тақырыптық бағыттары, дайындалу жолдары», «Білім

беру ұйымдарын басқарудың озық үлгісі», «Пәннің оқыту бағдарламасындағы оқу мақсаттарына сәйкес білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту тапсырмаларын әзірлеу», «Креативті ойлау-функционалды сауаттылық негізі», «Функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған тапсырмалардың орындау жолдары», «Математика - абстрактілендіру және логикалық қорыту», «Интерактивті білім беру платформасы арқылы оқыту үдерісіне жаңа көзқарас», «Сабақ барысында трендтегі құралдарды пайдалану», «Мониторинг. Аналитикалық талдау», «Reels, Instagram, Facebook көмегімен мұғалім блогын қалай дамытуға болады?», «Power Point, Nearpod не істей алады? Интерактивті білім беру ресурстарын қалай оңай жасауға болады?», «Оркестр», «Өтініш», «Горилла», «Анасы мен қызы», «Ән және іс-қимыл» тақырыптарында іс-шаралар өтті. Түркістанның заманауи мұғалімдер

фестивалінде үздік ұстаздар бас қосты. Мұндай мұғалімдер фестивалі ұстаздарды қуанышқа бөлеп, шығармашылық қуатын толықтыруға мүмкіндік береді. Фестиваль кезінде ұстаздар өздерін одан әрі дамыту үшін көптеген қызықты идеяларды ұсынып, педагогика саласындағы қиын мәселелердің шешу жолдары туралы ойларын ортаға салды. Фестиваль барысында ұстаздарымыз шығармашылықпен ән айтып, би билеп, Ордабасы ауданынан келген ұстаз Түймебаева Ұлжан Бексейітқызы өзінің фестивальге деген арнауын арнады. Тұңғыш рет, еркін форматта ұйымдастырылған фестиваль соңында ұстаздарымыздың керемет көңіл-күйде жүргенін байқадық. Өз мектептерінің жүрегі, жаңашыл мұғалімдер жаңа, тың идеялармен білімдерін, рухани қазынасын толықтырып, алдағы уақытта фестивальдің жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілуіне ізгі тілектерін білдірді.





ҰСТАЗ ТҰЛҒАСЫ – ҮЛГІ НӘМ ӨНЕГЕ

**НУРЖАНТОВ Сакен Даутбекович,
Педагогикалық шеберлік орталығының
Шымкент қаласындағы филиалының менеджері**

Мұғалім ісі сырттай қарапайым болғанмен – тарихтағы ең ұлы істің бірі.

К.Д.Ушинский


Расында «Мұғалім» деген мамандық қызығы мен қиыншылығы бар ерекше мамандықтардың бірі. Ұстаздық – бұл жай сабақ беруші емес, бұл балаға деген махаббатпен үлкен өмірге дайындаушы. Мейірімін төге отырып, өзінің жеке тұлғасын, сөз мәнерін, әдеби мен ішкі мәдениетін үлгі ете отырып болашақ жастарымызға тәлім беруші. Мәлік Ғабдуллин мұғалімдік туралы: «Мұғалім өзінің білімділігімен, жүріс-тұрысымен, жайдары мінезімен, тіпті сырт пішіні, киген киімімен де оқушысына жақсы мағынада қатты әсер етеді» - дейді. Осы пікірмен толықтай келісуге болады.

Ұстаз бейнесі немесе имиджі қалай қалыптасады? Егер мұғалім өзі көп кітап оқыса, дұрыс сөйлесе, әдеп пен ізгіліктің үлгісі бола алса, әрине ұлт ұстазы Ахандардың ізін жалғаушы болары анық. Дей тұра, барлық ұстаздар жан қалауымен осы кәсіпті таңдау жасады ма? Өзі мектепте қалай оқыды? Жоғары оқу орнын қалай тәмамдады? Қандай отбасында дүниеге келіп, қандай тәрбие алды? Бұл ұстаздың мінсіз сипатын айқындауға әсер ететін факторлар екені сөзсіз.

2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI Педагог мәртебесі туралы ҚР Заңы [1] педагогтерге ерекше мәртебе бере отырып, қазақстандық педагогтердің имиджін көтеруге оң ықпал етті. Ата-аналар мен оқушылардың, педагогтердің, мүдделі тұлғалардың міндеттері мен құқықтарын айқындап берген маңызды нормативтік құжат болып табылады. Заң аясында ұстаздар жалақысын кезең-кезеңімен көтеру, педагогтердің ар-ұжданы тапталмауын қамтамасыз ету, жалпы, білім беру ісі қызметкерлеріне қатысты жан-жақты ойластырылған оң шешімдер көрініс табады. Дегенмен, педагогтік имидждің жоғары болуына басқа да әсер етуші факторлар бар. Егер педагогтердің имиджін қалыптастырамыз десек әрине бұл мәселені шешуге комплексті қарауымыз керек.

Біріншіден, PISA, TIMSS халықаралық зерттеулерінің нәтижелері бойынша алғашқы ондыққа кіретін мемлекеттердің мұғалімдерді даярлаудағы тәжірибесіне сүйенсек. Оқу сауаттылығы бойынша төмендегі суретте «Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы» мәліметі берілген. Мұнда 2018 жылы функционалдық сауаттылықтың бір бағыты оқу сауаттылығы деңгейі бойынша Эстония, Ирландия, Канада, Корея, Польша, Финляндия, АҚШ, Англия, Япония, Жаңа Зеландия секілді мемлекеттері жоғары нәтижелер көрсеткен.

Демек, осы мемлекеттерде мұғалімдерді даярлау тәжірибесіне жүгіну маңызды. Жоғары деңгейде оқушы тәрбиелеу үшін ұстаздардың әлеуеті өте жоғары болуы заңдылық. Бір сөзбен айтқанда білім беру саласында көшбасшы мемлекеттердің білім беруді ұйымдастыру, оның ішінде мұғалімдерді даярлау саясатын зерттеу қажет.




1-сурет

Көшбасшы мемлекеттердің ішінде тұрақты түрде жоғары деңгей көрсетіп отырған Финляндия тәжірибесін қарастырсақ, Паси Сальберг «Финские уроки» еңбегінде Финляндиялық білім беру жүйесін жан-жақты талдауын ұсынады. «Ұстаздық мәдениет» бөлімінде «сауаттылық» ұлттық мәдениетке айналғандығы және ұстаздық кәсіптің бітіруші түлектерден жыл сайын алынатын сауалнама нәтижесі бойынша өте беделді әрі танымал кәсіп екендігі айтылады. Неге десеңіз, мектеп мұғалімдері автономды жұмыс жасауға, мектеп деңгейінде бағдарлама әзірлеп, оқу жоспарларын жүзеге асыруға мүмкіндік алған. Барлық деңгейдегі тексерістерден босатылған. Қоғам тарапынан мұғалімдердің еңбегі жоғары бағаланады және педагогтер ерекше құрметке ие.

Төменде Финляндиядағы педагогикалық мамандықтарда оқу үшін конкурса қатысқан және ЖОО-на қабылданған абитуриенттер саны көрсетілген кесте мұғалім мамандығына деген сұраныстың сондай-ақ бәсекелестіктің жоғары екендігін көрсетеді.

2-сурет

Бұл дегеніңіз меніңше, мемлекет деңгейінде ұстазға деген құрметтің, мұғалім мамандығының жастарға еркіндік бере отырып өмірде арман, мақсаттарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретінін түсіну, қабылдау дегенді



Источник: Sahlberg (2011b).

білдіреді.

Нақтырақ тоқтала кетсек, Болон келісімі аясында жұмыс жасайтын еуропалық білім беру жүйелерінен финдік білім беру жүйесі негізгі 3 аспектімен ерекшеленеді.

1. Педагог мамандығына ең үздік оқушылар оқуға түседі. Себебі, финляндиялық білім беру жүйесінде орталықтандырылған тексеріс жүйесі, бақылауға қарағанда дербес, шығармашылықпен мектептің ерекшелігі ескеріле отырып құрылған оқу бағдарламаларымен жұмыс басымдыққа ие. Мұнда болашақ педагогтер өзін еркін сезініп, ойына алған барлық мақсаттарын жүзеге асыра алатынына сенімді.

2. Мұғалімдерді даярлауда академиялық білім мен педагогика, әдістемені қатар меңгертуге ерекше назар аударылады. Өзі оқытатын пән мазмұнын ғана біліп шықпай, сол аталған пәнді оқыту әдістемесін де меңгереді.

3. Мұғалімдерді даярлау зерттеу нәтижелеріне бағдарланған. Барлық педагогикалық мамандық студенттері магистр дәрежесін иеленеді. Бітіруші студенттер зерттеуге бағытталған дипломдық жұмыс қорғауы шарт. Бастысы, бұл дипломдық жұмыстарға қойылатын критерийлер өте жоғары.

Екіншіден, педагогтің имиджінің жоғары болуын қаласақ еліміздегі педагогикалық мамандықтарды таңдаған түлектерге талапты күшейту керек. Ия, қазірдің өзінде шектік балл артып, студенттердің шәкіртақысы көбеюде. Дегенмен, баланың жанын түсінетін, балалармен жұмыс жасау барысында өз кәсібінен ләззат алатын тұлғаларға басымдық беруіміз қажет. Себебі, көптеген мемлекетте нәтиже көрсеткен жүйені біздің мемлекетімізде де оңтайландыра отырып жүзеге асыру ұтымды болмақ.

Үшіншіден, педагогика мамандығын жаңадан бітірген түлектерге тәлімгерлікті ұйымдастыру аса маңызды. Өйткені, көп жылдық тәжірибесі бар маман баланың тілін түсініп, әр баланың жүрегіне қандай кілт тура келетінін біледі.

Осы тұста бізге үлгі бола білген ұстаздар жайында бірер сөз айтып өтуді жөн көрдім. Бір күні сыныбымызға шашы бұйра, көзінде көзілдірігі бар, қой көзді әдеміше келген, жасы 45-50-лерде ұзын бойлы апай кіріп келді. Ол кезде 6-7 сыныптарда оқимыз. Шулап жатқан болуымыз керек. Көзіндегі көзілдірігін төмен түсірді де «қасқа-а-а» - деді. Артынан «...осылай да шулауға болады екен-ау...» -

деп танданды. Бәріміз тынышталып қалдық. Сөйтсек, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Ғалия апай қанша ашуланса да сыр білдірмей, «қасқа-а-а» деп тынышталдырады екен. Мен секілді педагог үшін бұл да бір өнеге. Тағы бірде қыздарға қарата сабырлы үнмен тіл қатты. Өз сөзінде «Қыздар сіздерге қарасам, бой жетіп қалыпсыздар. Күндердің күнінде сөз салып келген жігіт болса, ең әуелі аяғына қараңыз. Себебі, өз аяғына қарай алмаған жігіт, сізге де қарап жарытпас» деп көпшілігімізге ой салды. Сол сәт аяғыма қарасам, аяқ киімім шаң екен. Ұялғанымнан аяғымды жасырып, әлек болдым да қалдым. Сол оқиғадан бүгінгі күнге дейін бірінші кезекте аяқ киімді тазалауды әдетке айналдырдым десем де болады. Бұл мен үшін өмірлік сабақ болды. Ия, ұстаздарымыз жақсы болды. Әр мұғалімнің берері мен өнеге болар сөздері жадымызда. Дегенмен, Ғалия апайымыздың тұлғалық ерекшелігіне тәнті болғаным сонша, үлкен өмірде апайыма ұқсап қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі боламын деген шешім қабылдадым. Қарап тұрсаңыз ұстаздар қауымы көбіне өзіне байқалмайтын жақсы, кейде жағымсыз әрекеттерімен балаға үлгі болады екен. Сондықтан біздер өз сөзімізге, әрекеттерімізге өте үлкен мән беруіміз керек деп ойлаймын.

Төртіншіден психологияны, бала психологиясын жақсы меңгеруге ден қою маңызды. Әр сыныпта баланың мінез-құлқы, өмірге деген көзқарасы өзгеріп отырады. Сондықтан, бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс жасау әдістемесі басқа да, жоғары сынып оқушыларымен жұмыс жасау технологиясы мүлде бөлек. Егер табысты оқытамыз және сол арқылы баланың, ата-аналардың, қоғам алдында беделіміз артсын десек психология ғылымы бойынша білімімізді тереңдетіп, білігімізді арттыру маңызды.

Мектептегі өз тәжірибеме үңілсем, біз қандай үлгі бере алдық? - деген сұрақ ойыма оралады. Әрине, жұмысты бастаған сәтте, педагогикаға енді келген тұста біршама қиындықтар болғаны рас. Оқушылармен түсінісе алмай, олардың мінезін ұға алмай, жас ерекшеліктерін, тұлғалық болмысын қабылдау қиын болып, «Бұл балаларды қалай оқытам?» деген оймен әйгілі педагогтердің біршама еңбектеріне шолу жасалды. Әйтсе де, бір сыныптың мәселесін шешіп, жеке оқушының жүрегіне кілт табатын нақты әдіс табылмады. Қарап тұрсам мәселе көбіне педагогтің өзінде болады екен. Балаларды қалай бар, солай қабылдау, оқушы психологиясын зерттеу, соған сәйкес әдістемеге өзгеріс енгізу табыстылық кепілі болмақ. Тәжірибемде кездескен бір-екі жағдаймен бөліссем. 6-шы сыныпқа жаңадан бір оқушы қыз бала келді. Сөйлемейді. Сабақта сұрақ та қоймайды, жауап та қатпайды. Бойында ауытқуы жоқ па екен? - деген ой да келді. Достары мен көршілерінен сұрастырсам, үйде жап-жақсы сөйлейді екен. Сыныптағы ашық-жарқын қыз баланың қасына отырғызуды ұйғардым. 2-3 айдан кейін жаңадан келген оқушы ашылды. Есесіне көп сөйлейтін балаға айналды. Кейіннен екі оқушыны бөлек отырғызып, мәселе өз шешімін тапты. Айтпағым, кейде балаларды өзіне сенімді, ашық оқушылардың қасына отырғызып, олар тарапынан қолдауды ұйымдастырса, тұйық мінезді балалармен жұмыс әлдеқайда жеңілдейтініне көз жеткіздім. Сол секілді тағы бір мысал келтірсем. 5-сынып оқушысы ұл бала. Өзге ұлт өкілі, бірақ қазақ сыныбында оқиды. Жазбайды, дәптер әкелмейді, сабақта жауап бермейді. Күнтізбелік тақырыптық жоспар бойынша

С.Бегалиннің «Бала Шоқан» шығармасын әдебиет сабағында өткізіп, үйге басты кейіпкерлердің бірі Мысық секілді әр түрлі қолда бар заттардан жануарлар мен жәндіктер жасап келу тапсырмасын берген болатынмын. Келесі сабақта сөйлемейтін оқушым өрмекші мүсінін ұқсатып жасап келіпті. Сөйтсем бұл бала мүсін жасауға бейім екен. Сөйлету мақсатында «Бұл қандай жәндік? Мүсінді қалай жасадың? Қандай заттар қолданды?» деген сұрақтармен баланы сөйлетуге талпындым. Алдағы уақытта бұл оқушымен шығармашылық жұмыстар арқылы қызығушылығын арттыра отырып байланыс орнаттым. Үлгерімі жақсарып, әдебиет пәні сүйікті пәніне айналды десем артық болмас. Себебі, жылдар өтіп оқушы алдыңыздан шығып амандасып, «Ағай, әдебиетті сүйіп оқушы едік қой» деген пікірі көңіл қуантады.

Ия, бұл мысалдар керемет мұғалім екенімнің мысалдары емес. Бұл мысалдар, әр бала жеке тұлға. Өзіндік көзқарасы, пайым-парасаты қалыптасқан, қабілет-қарымы әр түрлі балаларға өзіне сай жол таба алудың мысалы ретінде қабылдауға болар.

Бесіншіден, ізденіс, өсу, креатив және IT саласын меңгеріп, трендте болу. Қазіргі таңда «Z» ұрпақты оқыту

оңай іс емес. Өміріміз қарыштап өзгеруде. Цифрлік технология қажеттілікке қарай жылдам қарқынмен дамуда. Ең бастысы балалар осы технология жетістіктерін, IT саладағы инновацияларды бірінші болып бізден бұрын қабылдап, меңгеруде. Оған қоса 2019 жылы белең алған пандемия қашықтан оқыту технологияларының жаңаруына, балалардың цифрлік сауаттылық деңгейінің жоғарылауына себепші болды. Ұстаздар қауымы да заман ағымынан қалмай ізденуде, дегенмен ол жеткіліксіз. Білім беру тек баланы білімді етумен шектелмейді. Педагогтер қауымы баланың жанын түсініп, рухын тәрбиелейтін тұлға болғандықтан өн бойымен үлгі болуымыз қажет-ақ. Әйгілі ағартушы В.А.Сухомлинскийдің «Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүректен ұға білу болып табылады» деген пікірімен келісе отырып «адамтану» ғылымының докторы болуға бар күш - жігерімізді салу азаматтық парызымыз әрі ел алдындағы борышымыз.

«БІР ЕЛ – БІР КІТАП» ЖОБАСЫНДА Т.ӘБДІКОВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ

МАГИТОВА Тұрсыннай,
Шардара ауданы адами әлеуетті дамыту
бөлімінің әдіскері.
Түркістан облысы

«Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы елімізде 2007 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы мен Қазақстан Республикасы кітапханалар қауымдас-тығының бастамасымен өткізіліп келеді.

Акцияның мақсаты – ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік туындыларды оқу және насихаттау, оқу ісін ілгерілету, рухани мұрамызды сақтау, сондай-ақ жастарға рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беруге бағытталған. Сонымен қатар акция қоғамның отандық әдебиетке, оның ішінде классикаға, қазіргі әдебиет пен поэзияға деген қызығушылығының әрі қарай жоғары-лауына мүмкіндік туғызады.

Биылғы 2023 жылы «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында қазақ жазушысы, драматург, қоғам қайраткері Төлен Әбдіктің шығарма-ларын оқуға ұсынылды. Шардара ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің жоспарына сәйкес 2023 жылдың 13 наурыз күні А.Иманов атындағы жалпы орта мектепте «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында қазақ әдебиетінің жауһарларының бірі, шоқтығы биік жазушы Төлен Әбдіктің туындыларын насихаттау негізінде аудан мектептеріндегі кітапханашылардың, қазақ тілі мен

әдебиеті пәні мұғалімдері, психолог мамандары мен 8-9 сынып оқушыларының қатысуымен оқырмандар конференциясы өтті. Бірінші болып А.Иманов атындағы жалпы орта мектептің кітапханашысы Айжан Қамбаева «Табиғаты өзгеше дарын» атты кітап көрмесімен таныстырды. Одан әрі конференцияны Шоқан Уәлиханов атындағы жалпы орта мектептің кітапханашысы Перуза Тасыбай жүргізді. Оқушылар екі топқа бөлініп, бірі «Оң қол» әңгімесі, екіншісі «Парасат майданы» хикаясы жайлы ойларымен бөлісті.

Оқырмандар конференциясының мақсаты Төлен Әбдікұлының шығармаларына оқырмандардың қызығушылығын ояту, жазушының шығармаларындағы педагогикалық-психологиялық идеяларын насихаттау арқылы оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, олардың дербес және шығармашылық мүмкіндіктерін көтеруге жағдай жасау, адамгершілік және эстетикалық талғамын қалыптастыруға тәрбиелеу.

Оқырмандар конференциясының мәні әр оқырман-ның сол кітап жайлы өз көзқарасын, пікірін тыңдау, дәлелдеу және өзге пікірлермен санасу болып табылады. Оқырмандар конференциясы пікір алмасу түрінде өткізіліп, Т.Әбдіктің «Оң қол» әңгімесі мен «Парасат майданы» хикаясын талдауға арналды.

Қазақ прозасының интеллектуалды деңгейін көтерген көркем сөз шебері, көрнекті жазушы, қазақ прозасының пырағы Т.Әбдік туралы оқырмандар өз беттерінше ізденіп, шығармаларымен танысып, келген ақпараттарына кезек беріліп, «Оң қол» тобы жазушының өміріне, «Парасат тобы» шығармашылығына тоқталды.

Төлен Әбдік 1942 жылдың 4 қыркүйегінде қарапайым отбасында дүниеге келген. Отбасында жалғыз бала. 1965 жылы Қазақ Ұлттық мемлекеттік университетін бітірген. Студент кезінде сырттай оқитын Күләнмен кездесіп тұрған. Диплом алып Жамбыл (қазіргі Тараз) қаласына өндірістік практикаға келгенде осында кітапханада істейтін Күләнге жолығып, сөз байласып, отау құрады. Үш перзент өсіріп, олардан немере, шөбере сүйеді. «Қазақстан пионері (қазіргі «Ұлан») газетінде редактор, «Жалын» алманағында редакторлық қызмет атқарады. Әр жылдарда жазылған «Ақиқат», «Айтылмаған ақиқат», «Күзгі жапырақ», «Көк жиек» секілді отыздан астам кітаптардың авторы. Шығармалары 13 тілге аударылып, өзі де көптеген шығармаларды қазақ тіліне тәржімалаған. Мемлекеттік сыйлықтың иегері.

Әбіш Кекілбаев, Марал Ысқақбаев, сыншы Әшірбек Сығаймен қызметтес болған. Д.Исабеков, Б.Нұржекеев, Ә.Нұрпейісов, Қ.Жұмаділовтермен бірге оқыған. 2023 жылы «Бір ел – бір кітап» акциясына қазақ әдебиетінің алтын қорынан ойып тұрып орын алған танымал туындысы ел болып оқуға ұсынылған. Ал, бұл пікір алмасуға «Оң қол» әңгімесі мен «Парасат майданы» хикаясы таңдалыпты. Себебі, «Оң қол» әңгімесі өлім мен өмірдің, жақсы мен жаманның, ақ пен қара арасындағы күрес сияқты. Ал, бұл әңгімені оқып болғаннан соң әңгіменің кең тынысты жалғасын «Парасат майданы» хикаясынан түсінуге болады. Шынайы болған оқиғадан ой түзіп, тұжырым жасауға болады.

Оқырмандар екі шығарманың да мағынасы мен мазмұнына тоқталып, одан алған әсерімен бөлісті. Шығарманың тақырыбы жайлы да өз ойларын білдірді. Кинолента арқылы ондағы оқиға желісін баян етті.

Конференцияның сергіту бөлімінде оқырмандар домбырамен күй шертіп, өлеңдерін оқыды. Мұғалімдер мен кітапханашылар пікір алмасты. Әлем халықтары жазушылар одағының мүшесі Ғайбулла Бектөреев:

– Төлен Әбдіктің шығармаларының құндылығы,

біріншіден оқығаныңда адамды жалықтырмайды, астарында философиялық-психологиялық ой жатады. Терең тәрбиелік мәні бар. Оқушылардың да жүректерінде асқақ арман жатыр. Сол арман жойылып кетпеу үшін соған жету жолында еңбектеніп кітап оқуды немқұрайлыққа айналдырмау керек. Біреудің әкім, екінші біреудің ғалым болғысы келеді. Бұл арман еңбек етсең орындалады. Ал, немқұрайлық болса арман өшеді, жабылады. Адамның бойында жақсылық қасиет те, жамандық қасиет те болады. Бірақ жамандық қасиетті көрсетпеу керек. Елге ол тез тарайды. «Жамандықты жасыр, жақсылықты асыр» деген қазақ. Қазақ - ұлы халық. Сондықтан сендер мен Абайдың ұрпағымын, Төлен Әбдіктің ұрпағымын деп білімге, ғылымға, өнерге құштар болып өздеріңді биік көтеріп ұстап, мақсаттарыңа жетулерің керек, – деп «Поэзия» өлеңін оқыды.

Талқылау барысында оқырмандар шығармалардан алған әсерлерімен бөлісті. Бірі оқиға желісін сол күйі қабылдаса, келесісі оқиғаның аяқталар кезеңін трагедиямен емес бақытты болып аяқталғанын қалады. Конференция қорытындысында сарапшылар «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында өткен екі шығарманы талқылау сабағы өз деңгейінде өтті деген қорытынды жасады.

Оқиғаларды кинолента арқылы көрсету арқылы сабақты өтуші Ш.Уәлиханов атындағы орта мектептің кітапханашысы Перуза Тасыбай үлкен дайындықпен келгенін көрсетті. Екі шығармада да жақсылық пен жамандық қатар суреттелді. Соның жақсы жағын алу қажеттігі, белсенді болып кітап оқу қажеттілігі айтылды.

Шығармаларды талдауда сұрақтар көп болып, оған тиісінше жауаптар берілгені, қатысқан екі топтың оқырмандары мен оларды дайындаған ұстаздарына деген шексіз ризашылығымызды білдірдік. Оқырмандар конференциясының қорытындысы бойынша Алина Қыдырбек «Ең үздік оқырман», Жұпар Жанғазиева «Ең үздік кітап модулін жариялаушы», Индира Қуаныш «Ең үздік пікір білдіруші», Шолпан Қалауова «Ең үздік сарапшы» атанды.





ҰРПАҒЫ БІЛІМДІ ХАЛЫҚТЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН

САТЫБАЛДИЕВ Азамат Смашлович,
«Жусансай» жалпы орта мектебінің математика, физика және информатика пәндерінің мұғалімі, педагог - зерттеуші, педагогика ғылымдарының магистрі. Түркістан облысы, Ордабасы ауданы

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы жарқын» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы.

Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең түсіндік. Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керек. Жаңа заман мұғалімнен күнделікті оқушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Оны қанағаттандыру үшін қазіргі заманның мұғалімі жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек. Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек. Ұлттық ойындарды пайдалану арқылы оқушыларды тәрбиелеу процесін жетілдіру және оның ғылыми педагогикалық негіздері жайлы айту үшін, ұлт ойындарына қатысты мәселелерді анықтап алуды жөн деп білеміз.

Ұлттық ойындар – халық педагогикасының ажырамас бір саласы. Сондықтан ол халық педагогикасына тоқталып, мазмұн жағынан бір-бірін байытып отыратын, қос өзеннің бір жерге келіп тоғысқан екі арнасы секілді. Ұлт ойындары халық педагогикасының аса белсенді, үнемі өзгеріп, жетіліп отыратын, өмірге үздіксіз келіп тұратын ұрпақ арқылы жалғасып, жаңара беретін құрамдас бөлігі болып табылады. Сондықтан да оның атқарар қызметі кең өрісті, ауқымды. Ол салауатты өмір салтын мұрат тұтқан арманшыл, елі мен жерінің қамын ойлайтын, ұлтқа тән нәрсенің бәрін қадір тұтатын, дара тұлға - жаңа адамды тәрбиелеп шығарудың құралы. Ұлт ойындары - ұжымдық ой-қиялдан бас құрап, жеке адамдардың игілігіне асатын, ұлт өкілдерін түгел қамтитын, тұтас ұлтқа тән атадан балаға мұра болып келе жатқан рухани, мәдени қазына. Олай дейтініміз, ұлт ойындары сол ұлттың өсіп жетілу барысындағы

ұзақ жолда пайда болып, оның сан мыңдаған ұрпағының рухани азығына айналған, қиялын қозғап, ұлттық болмысы мен өзіндік ерекшелігін қалыптастыруға игі әсерін тигізетін дәстүрлі құбылыс. Осы тұрғыдан қарағанда, ұлт ойындары сол ұлттың ғасырлар бойы жасаған мұраларының заңды бір саласы, халқының игілігіне қызмет ететін, оның жас ұрпағын жетілдіріп шыңдайтын әлеуметтік - педагогикалық мүмкіншілігі зор тәрбие құралы. Ұлт ойындары халық педагогикасының құрамды бір бөлігі бола тұрып, өзін дүниеге әкелушілердің есеюіне, ақыл-ойының толысып, қалыптасуына, олардың өмірге құштарлығының артуына, адамгершілік қасиетінің қалыптасып жетіле түсуіне әсерін тигізеді. Ұлт ойындарының осындай қасиетін жақсы танып білген адам баласының алдыңғы қатарлы ақыл - ой, парасат иелері оны жоғары бағалап, ұмыт болудан сақтап, қағаз бетіне түсіріп отырды. Халық жасаған рухани мұралар сан алуан. Солардың ішінде тіл дамыту, ой - өрісін кеңейту, ойлау мүмкіншілігін байыту тілегінен туындайтын жаңылтпаш, балалар ертегілері, балалар ойыны, сайып келгенде, тәрбие мүмкіншілігін арттырып, оның ауқымын кеңейте түседі. Қазақтың ұлттық ойындары: көкпар, сайыс, күрес, теңге алу, қыз қуу, алтын қабақ ату, жамбы ату т.б. спорттық сипатпен бірге тәрбиелік маңызға ие болды. Бұл ойындардың бәрі де атпен ойналатын ойын болғандықтан, оларға күн ілгері орасан зор әзірлік, мұқият даярлық керек болды. Сол даярлықтың басы - қасында болған жас баладан бастап, бозбалалар мен жігіт ағалары, атбегілері мен ауыл ақсақалдары болып түгел қатынасатын. Жоғарыда аталған ойын түрлері мен бәйгенің алуан түрлеріне қосылатын аттар, оған мінгізілетін балалар, балуандар, көкпаршылар, қыз қууға қатынасатындар, қыз бен жігіттер ауыл ақсақалдарының алқасында талқыланып, солардың ұйғаруы бойынша қатынасуға мүмкіншілік алатын болған. Бұл, бір жағынан, халықтық тәлім- тәрбиенің маңызын арттырса, екінші жағынан үлкендерге деген ілтипат пен сенімді, басқаның пікірімен санаса білуді үйретеді, үшінші, жеңіске деген құлшынысты туғызып, баланың ақыл - ойын, қиялын ұштайды, көпшіліктің үмітін ақтауға деген жауапкершілігін шыңдай түседі. Осы жағынан келгенде, ұлт ойындары халық педагогикасының ажырамас бір бөлігі ретіндегі өзінің маңызды қызметін осы күнге дейін жүйелі атқарауда.

МЕКТЕПТЕГІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ – ТӘРБИЕНІҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛЫ



ӘБІЛДАБЕК Гүлназ Толымбайқызы,
«Бірлік» жалпы орта мектебінің аға тәлімгері.
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы

Мектептегі тәрбие жұмысында өзін-өзі басқару ұйымы маңызды рөл атқарады. Балалар өздері жасап көргендерін ғана терең түсінетінін ескеретін болсақ, өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын мектептегі ең маңызды жұмыс десек те қателеспейміз. Мектептегі өзін-өзі басқару – тәрбиенің тиімді құралы. Сондықтан да бұл жұмысқа тек тәлімгердің ғана ісі деп қарамай, мектеп басшылары, ұстаздары түгел атсалысуы керек деп ойлаймын. Сонда ғана өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы жоғары деңгейде болады.

Түркістан облысы, Ордабасы ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2022 жылғы 23 қаңтардағы №28 бұйрығына сәйкес «Бірлік» жалпы орта мектебінде аудандық педагогикалық әдістемелік кабинетінің әдіскері Алимкулов Нуртас Курмановичтың ұйымдастыруымен «Бірлік» жалпы орта мектебінде мектеп тәлімгерлері және тәрбие саласына жауапты мамандарға арналған «Мектеп парламенті, білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін жүйелі жоспар құру» тақырыбында аудандық оқыту семинары өтті. Оқушылардың көшбасшылық қабілетін дамыту, оқушылар үшін маңызды әлеуметтік жобаларды іске асыру, оқушылардың пікірін ескере отыра ортақ мәселелерді шешу, мектептегі оқушылар мен жасөспірімдердің мәселесіне назарын аударту және шешу жолын ұсыну, мектеп әкімшілігімен, педагогтармен, оқушылардың ұйымдарымен бірлесе отырып оқушылардың қызығушылығын жүзеге асыру, оқушыларды қоғамдық-әлеуметтік іс-шараларға қатысуға ынталандыру және қолдау, мектеп оқушыларының құқықтары мен қызығушылықтарын қорғау, оқушылардың арасында экологиялық, құқықтық сауаттылықты дамыту, оқушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді пайдалануға атсалысу мақсатында өткен семинар биік деңгейде өтіп,

көпшіліктің көңілінен шықты.

Аудан тәлімгерлеріне авторлық жұмыстар көрмесі ұсынылды, «Өзін-өзі» басқару ұйымының жұмысы таныстырылды. Семинар барысында мен аға тәлімгер ретінде «Мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын ұйымдастырудағы әдіс-тәсілдер» тақырыбында баяндама оқып, өз тәжірибиеммен бөлістім. Оқыту семинарына аудан бойынша жалпы орта мектептердің 52 аға тәлімгерлері қатысты.

«Бірлік» жалпы орта мектебінде «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы жүйелі түрде жұмыс атқарып жатыр. Қыркүйек айында Өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлау жалпыға бірдей, тең және тікелей сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізілді. Сайлауға төрт үміткер қатысты, атап айтсақ 8-сынып оқушысы Темірхан Арайлым, 9-сынып оқушысы Бекмат Ажар, 9-сынып оқушысы Тұрсынхан Гүлдана, 10-сынып оқушысы Алдаберген Толғанай. Өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлау қыркүйек айының 23-күні берілген ережеге сәйкес өтті. Мектеп президентін сайлау комиссиясының шешімі бойынша ең көп дауыс жинаған 10-сынып оқушысы Алдаберген Толғанай «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының Президенті болып сайланды. «Мектеп парламенті, білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін жүйелі жоспар құру» тақырыбындағы аудандық оқыту семинарына қатысушылар біздің жұмысымызды жоғары бағалап, өз ойларын, ізгі тілектерін білдірді. Болашақта біз өз жұмысымызды жаңаша жалғастырып, биік жетістіктерге қол жеткіземіз деп сенеміз.















ПАНФИЛОВШЫЛАР ЕРЛІГІ

СУГИРБАЕВА Құлжан Нурнашевна,
№131 жалпы орта білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Шымкент қаласы



Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	7.2.1.1 - мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау; 7.4.4.4 - одағай түрлерін ажырата білу, қолдану.
Сабақ мақсаттары:	Барлық оқушылар: Панфиловшылар ерлігі туралы берілген мәтіндік ақпаратты түсіну, оқшау сөздерді анықтау; Көпшілігі: Берілген мәтіндік ақпаратты түсініп талдау, оқшау сөздерді бір-бірінен ажырата білу; Кейбірі: Берілген мәтіндік ақпаратты интерпретациялау, оқшау сөздерді бір-бірінен ажырата білу және оқшау сөздерді тапсырма барысында қолдану.
Ойлау дағдыларының деңгейі	Талдау.
Бағалау критерийлері:	* Кез келген түрде берілген ақпаратты түсінеді, өзіндік пікір білдіре алады; * Ақпаратты талқылап, дәлелдер келтіреді; * Оқшау сөздерді ажырата біледі.
Құндылықтарға баулу	Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім. (2-құндылық)
Пәнаралық байланыстар:	Тарих, әдебиет.
Алдыңғы білім	Бауыржын Момышұлының қанатты сөздері.

Жоспар				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту	I. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу, сабаққа дайындық. Топқа бөлу. Сынып оқушылары 3 топқа бөлінеді. 1-топ. Атқыштар 2-топ. Барлаушылар 3-топ. Мергендер Әр топ өз атының мағынасын түсіндіреді.  I. ОҚЫЛЫМ АЛДЫ Ой шақыру сұрақтары. 1. 316-атқыштар дивизиясы кімдерден жасақталды? 2. Неге оларды «панфиловшылар» деп атаймыз? Дескриптор: өз топ атының мағынасын ашып, түсіндіреді; «ой шақыру» сұрақтарына өз көзқарасы тұрғысынан жауап береді...	Сынып оқушылары 3 топқа бөлінеді. Әр топ өз атының мағынасын түсіндіреді Топ атының мағынасын ашып, түсіндіреді «Ой шақыру» сұрақтарына өз көзқарасы тұрғысынан жауап береді	ҚБ  Тамаша жауап!  Жақсы жауап!  Талпын! ҚБ	7-сынып қазақ тілі https://kk.wikipedia.org/wiki/8-ші_гвардиялық_атқыштар_дивизиясы

<p>Сабақтың ортасы</p>	 <p>II. ОҚЫЛЫМ ТАПСЫРМАСЫ «Ойлан, жұптас, талқыла» әдісі. Оқушыларға оқылым мәтіні беріледі. «Топтық тергеу» әдісі бойынша әр топ рөлдерге бөлінеді. 1-топ. Баяндаушылар. Әңгімені оқып, өз көзқарастары тұрғысынан баяндап береді. 2-топ. Зерттеушілер. Әңгіме кейіпкерлеріне өз көзқарасы тұрғысынан мінездеме береді. 3-топ. Сұрақ құрастырушылар. Мәтін бойынша жоғары деңгейлі сұрақ дайындайды. Дескриптор: «Топтық тергеу» әдісі бойынша әр топ рөлдерге бөлінеді; * Әңгімені оқып, өз көзқарастары тұрғысынан баяндап береді. * Әңгіме кейіпкерлеріне өз көзқарасы тұрғысынан мінездеме береді. * Мәтін бойынша жоғары деңгейлі сұрақ дайындайды. ҚБ III. ОҚЫЛЫМНАН KEЙІН «Пирамидалық талқылау» әдісі Жаңа тақырыпты, алған білімін оқшау сөздерді қатыстыра отырып қорытындылайды. Қолданған оқшау сөздерінің түрлерін ажыратады. Дескриптор: * Жаңа тақырыпты, алған білімін қорытындылайды. * Оқшау сөздерді қолданады. * Ой қорытындысын шығарады. ҚБ</p>	<p>«Топтық тергеу» әдісі бойынша әр топ рөлдерге бөлінеді. Әңгімені оқып, өз көзқарастары тұрғысынан баяндап береді. Әңгіме кейіпкерлеріне өз көзқарасы тұрғысынан мінездеме береді. Мәтін бойынша жоғары деңгейлі сұрақ дайындайды.</p> <p>Жаңа тақырыпты, алған білімін қорытындылайды. Оқшау сөздерді қолданады; Ой қорытындысын шығарады.</p>	 <p>Тамаша жауап!</p>  <p>Жақсы жауап!</p>  <p>Талпын!</p> <p>ҚБ</p>  <p>Тамаша жауап!</p>  <p>Жақсы жауап!</p>  <p>Талпын!</p>	
<p>Сабақтың соңы:</p> <p>Үй тапсырмасы:</p>	<p>Сабақ Мен сабақта Қорытынды</p> <p>1. Қызықты 2. Жұмыс істедім 3. Материалды</p> <p>2. Қызықмыз 2. Демалдым 2. Көбірек білдім</p> <p>3. Өзгеге көмектестім 3. Түсінбедім</p> <p>6-тапсырма</p>	<p>РЕФЛЕКСИЯ «Сабақта өзінді бағала» Оқушылардың жеке жұмыс әрекеттеріне бағытталған 3 бағандағы сөздер беріледі. Әркім өзінің сабақта жасаған әрекетін білдіретін сөздің астын сызады.</p>		
<p>Саралау</p> <p>Рефлексия</p>	<p>Бағалау</p> <p>Өзін-өзі бағалау Кері байланыс парағы.</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік;</p> <p>Төменде берілген бос орынды өз сабағыңызға рефлексия жүргізу үшін пайдаланыңыз. Сабағыңызға қатысты деген сол жақта келтірілген сұрақтарға жауап беріңіз.</p>		
<p>Сабақ мақсаттары</p> <p>Оқыту мақсаттары шынайы болды ма? Бүгін оқушылар нені үйренді? Оқыту ортасы қандай болды? Менің бөліп оқытқаным өз мәнінде жүзеге асты ма? Мен өз уақытымды ұтымды пайдалана алдым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен? Егер осы сабақты қайталап өткізсем нені өзгертер едім? Тақырыптың өмірмен байланысы болды ма?</p>				

КРЕАТИВТІ ОЙЛАУДЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРДЫ ШЕШУДЕГІ РӨЛІ

ТҮНЖАРЫҚ Сауле Әбілхасымқызы,
С.Ерубаев атындағы №24 ІТ мектеп-лицейінің
бастауыш сынып мұғалімі.
Шымкент қаласы

Мақсаты	Шығармашылық ойлауға жетелеу. Түрлі тапсырмалар арқылы ерекше ойлауға ықпал ету. Креативті ойлау функционалдық сауаттылықтың өзекті компоненті екендігін ұғындыру.			
Күтілетін нәтиже	Креативті болуға, проблеманы басқа қырынан көруге, логикалық қорытынды жасауға, қызығушылық тудыруға үйренеді. Креативті ойлау функционалдық сауаттылықтың өзекті компоненті екендігін ұғынады.			
Сабақ кезеңдері	Коучтың іс-әрекеті	Мұғалімдердің іс-әрекеті	Ресурстар	
«Амандасып алайық» 1 минут	Коучинг қатысушыларымен «Өз қалауымен амандасып алайық!» әдісі бойынша амандасуға шақырады. Әуен ойнап тұрады.	Амандасу түрлерінің бірін тандап коучпен амандасады		
Ой қозғау 4 минут	Қазіргі заман талабы мұғалім озық идеялы, креативті болу керек деп жатамыз. Осы креативті деген қандай өзі? Жауап алу Бейнематериал көрсету (креативті қалай жоғалтамыз?) - Бұл материалды не үшін көрсеттім? - Бұл материалдан қандай ой түйдік? - Біздің топқа, жұпқа бөліп оқытып жүргеніміздің пайдасы бар ма екен? Дамыған озық елдердің топтасып жаңалық ашатынын айта кету.	Креативті тұлғаны сипаттайды Бейнематериалдан алған әсерлерін, өз ойларын ортаға салады	АКТ бейнематериал дыбыс күшейткіш	
